

## ҚОС АЗАМАТТЫҚ – ҚАТЕРЛІ ҚҰБЫЛЫС

Елімізде қос азаматтығы барлардың қатары қалыңдағанға ұқсайды. Әсіресе, Ресейдің қоңыр паспортын иеленгенін жасырып жүргендердің саны күрт артыпты. Мұны ресми статистика растайды. Сарапшылардың айтуынша, қос азаматтық мәселесі ушықса, оледді бірлігіне сына қағады. Елдегі қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қожыратады. Оның элеуметтік-экономикалық залалы да зор. Сондықтан құзырлы органдардың бұл керісінші құбылыспен күресті күшейткені қуантады. Сонымен бірге алда ұлттық заңнамаға өзгерістер әзірленуде.

Бұл құбылыстың қандай ауқымға жеткенін және ондағы трендтерді мына деректен байқауға болады. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, республикада бүкіл 2022 жыл бойы қос азаматтығы бар жалпы саны 841 адам табылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның тек 138-і сот шешімімен елден аластал-



ған. Қалғанын соттар айыппұл салумен шектелген.

Осыларды қоса алғанда, соңғы 5 жылда азаматтық туралы заңнаманы бұзған 3 515 адам жазаланды. Соның ішінде

3 мыңнан астамы айыппұл арқалаған, 473-і елден шығарылып, жана отанына қуылды. Осы 3,5 мыңнан астам адамның бәрiнiң қазақстандық көк паспорты тартып алынды.

2023 жылы бұл саладағы күрес біршама өрістеді. Бір ғана Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі биылғы маусымдағы жағдай бойынша жыл басынан бері қос азаматтығы бар 233 адамды

әшкерелеген. Бірақ бұл – мұзтаудың ұшар басы және шекарада ұсталғандары ғана.

Мысалы, Павлодар облысында қос азаматтықты иеленудің 800-ден астам дерегі анықталды.

– Қазір облыстық Полиция департаментінің көші-қон қызметінің бөлімшелері меморгандардың облыстық аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, қос азаматтығы барларды анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіп жатыр. Жыл басталғалы Павлодар облысында 819 азамат Қазақстан азаматтығынан айырылды. 49-ы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның 8-і Қазақстан аумағынан шығарылды, – делі Павлодар облысы ПД Көші-қон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Ғомир Шәбиденов.

Мәселен, Павлодар облысының Шарбақты аудандық полиция бөлімінің көші-қон полицейлері 45 жастағы ер адамның Ресей азаматы атанғанын құзырлы органдардан жасырып қалғанын, қазақстандық құжаттарын ары қарай пайдаланып жүргенін анықтады. Оған қатысты Әкімшілік кодекстің 496-бабы 2-бөлігі бойынша әкімшілік материал жасалды. Материал шешім қабылдау үшін сотқа жіберілді.

4»

## ДЕПО ҚҰРЫЛЫСЫ – ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

«AMANAT»-тың Маңғыстау облыстық фракциясы отырысында партияның сайлау алды уәделерінің орындалу барысы талқыланды. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Руслан Бектемір биылғы жоспарланған 84 іс-шара мен жобалардың 40%-ы орындалып, қалғаны жыл соңына дейін жүзеге асатынын жеткізді.

3»



## АГРАРЛЫҚ САЛА ЗООТЕХНИККЕ ЗӘРУ

Ата-бабаларымыз ықылым заманнан мал шаруашылығымен айналысқан, қазақ даласында бұл шаруашылықтың өзіндік мектебі қалыптасқан дейміз. Бірақ саланың қазіргі ахуалы агросектор саласына жаңаша көзқарас, қадамдар керек екенін көрсетіп отыр. Шаруашылықты дамыту былай тұрсын, бүгінде тіпті көп аймақ үшін мал бағатын адам табудың өзі мұңға айналып барады. Ауыл шаруашылығын қайтсек дамытамыз? Санғасырлық тарихы бар сала неге кенжелеп қалды? Агросектор саласына қатысты сауалдарымызды ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы Қосыбек Ырзағалиевке қойған едік.

5»



## ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ


«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының депутаттық фракция жетекшісі Талғат Мақашов БАҚ өкілдерімен кездесіп, атқарылған жұмыстар турасында брифинг өткізді.



3 БЕТ

## ТАС ЖҮТҚАН ТӘУЕКЕЛ

Мінсіз өлең жазатын мінез Серікте әу бастан бар ұстаным еді. Біздер 1980 жылдардың басында Шәуешекке топтасқан «Жалынды жас ақындар» болатынбыз.



6 БЕТ



Айнұр Батырханова, «Текемет-сырмақ» брендінің негізін қалаушы:

## СЫРМАҚТЫ КҮТІП ҰСТАСА, ЖҮЗ ЖЫЛ САҚТАЛАДЫ

Уақыт өткен сайын ұлттық мұраларымыздың кейбірі естен шығып, кейбірі ұмыт болып барады. Солардың бірі – киіз басып, сырмақ тігу өнері. Киіздің пайдалану тарихы қанша ұзақ болса, сырмақ сыру тарихы да соншалықты тереңде. Біз ұлттық өнерге заманауи сән беріп, қайта жаңғыртып жүрген қолөнер шебері, «Текемет-сырмақ» брендінің негізін қалаушы Айнұр Батырхановамен тілдестік.

8»







## ӨНІРЛЕРДІ АРАЛАП, ТҮРҒЫНДАРМЕН КЕЗДЕСТІ

**Парламент Сенаты депутаттарының ел өңірлеріне сапары жалғасып жатыр.**

Депутаттар Нұрғөре Жүсіп, Ғалиаскар Сарыбаев және Амангелді Толамисов Жетісу облысына сапары барысында «Айналайын» балалар үйінде, «Қамқор» медициналық-әлеуметтік мекемесінде болып қайтты. Олар сондай-ақ аутизм және басқа да психикалық сырқаты бар балаларға арналған орталықтың күндізгі бөлімінің қызметімен де танысты. Кездесу барысында сенаторларға әлеуметтік қорғау, мүгедектерге әлеуметтік арнайы қызмет көрсету, тұрғын үймен қамтамасыз ету және басқа да мәселелер аясындағы проблемалар туралы ақпарат айтылды.

Сенат депутаты Сағындық Лұқпанов Атырау облысында болған кезде аудандық мәслихат депутаттарымен, кәсіпкерлермен және Көктоғай, Есбол, Жарсуат, Ақ Жайық, Еңбекшіл және Махамбет елді мекендерінің тұрғындарымен кездесті. Кездесуге қатысушылар мәслихат депутаттарының өңірдегі денсаулық сақтау жүйесін, жол

және ауызсумен қамтамасыз етуді жетілдіру жөніндегі ұсыныстарын және жергілікті тұрғындар айтқан өзекті мәселелерді талқылады.

Сенат депутаттары Ольга Булавкина мен Шәкәрім Бұқтұғұтов Шығыс Қазақстан облысының Ұлан ауданындағы Аблакет ауылдық округінің Бестерек ауылында болды. Парламентшілер «Ақбауыр мұражай-археологиялық кешенін» аралады және ауыл шаруашылығы саласының өкілдерімен кездесті. Кездесуге қатысушылар саланың проблемалық мәселелерін, соның ішінде бие сүтін өндіру және қайта өңдеу құнына субсидия беру, ауыл шаруашылығы техникасына несие беруді субсидиялау пайызын қайта қарау мәселелерін талқылады.

Сенат депутаты Андрей Лукин елордалық мәслихат депутаттарымен және Астана тұрғындарымен кездесті. Кездесуде мәслихат депутаттары 2023 жылдың бірінші жартыжылдығы қорытындысы бойынша атқарылған жұмыстар туралы сенаторға айтып берді. Сенатор Андрей Лукин өз кезегінде Сенатта жүргізіліп жатқан заңна-

малық жұмыстың барысы туралы кездесуге қатысушыларды хабардар етті.

Сенат депутаты Сәкен Арубаев Жамбыл облысындағы Тұрар Рысқұлов ауданында болған кезде Ақтоған шаруа қожалығының қызметкерлерімен кездесті. Кездесуге қатысушылар ауыл шаруашылығын одан әрі дамытуды және оның келешегін, сондай-ақ сала бойынша қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мәселелерін талқылады. Сенатор сондай-ақ Жаксылық ауылындағы «Нұр-Ай» бөбекжай бақшасының қызметімен және Құлан ауылындағы жана мектеп құрылысының барысымен танысты. Депутат Меркі ауданында болған кезде «Балауса» бөбекжай бақшасының, «Трансфер» шаруа қожалығының жұмысымен және Қайыңдысай ауылындағы оқу орнының құрылысымен танысты. Сәкен Арубаев сонымен қатар Меркі аудандық мәслихатының депутаттарымен де кездесті. Жүздесу барысында ауданның өзекті мәселелері, атап айтқанда мал және өсімдік шаруашылығын өркендету жайы талқыланды.

## ЕЛІМІЗДЕГІ КӨПІРЛЕР ЦИФРЛАНДЫРЫЛАДЫ



**Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институтының мамандары көпірлер мен өткелдердің цифрлық базасын әзірлеуге кірісті.**

Мамандардың пікірінше, бұл сапалы әрі сенімді көпірлерді анықтауға мүмкіндік береді. Аталған жобаны Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің Автомобиль жолдары комитеті мақұлдаған.

«Қазақстанда республикалық маңызы бар жолдарда барлығы 1 500 мыңға жуық көпір құрылымы бар. Олардың барлығы цифрландырылады. Алайда біздің басты міндетіміз – жыл соңына дейін толық жұмыс істейтін жүйе құру. Сондықтан

өзірге түсінікті болу үшін тек 20 көпірді енгізу туралы шешім қабылданды. Бұл бізге бағдарламаның алгоритмдерімен және нақты мысалдармен жұмыс істеуге мүмкіндік береді», – дейді «ҚазжолҒЗИ» АҚ жол құрылысы материалдарының және жана технологиялар департаментінің директоры Әсел Нұрғманова.

Айта кетейік, аталмыш ғылыми институт мамандары Алматы, Жамбыл, Түркістан, Ақмола, Солтүстік Қазақстан және Павлодар облыстарының көпірлерін тексерістен өткізген.

«Көпірлерді пайдалануды басқару жүйесін 2023 жылдың желтоқсанында тәжірибелік

тұрғыда пайдалануға беруді жоспарлап отырмыз. Айта кетерлігі, қазақстандық көпірлер, жол айрықтары және автомобиль мен теміржол жолдары арқылы өтетін жол өткелдері туралы деректер әлі күнге дейін мемлекеттік органдарда қағаз құжаттарда сақталады. Бұл стратегиялық жол объектілерін зерттеу, жөндеу, жаңғырту, реконструкциялау және олардың құрылысын жоспарлау және жүргізу жөніндегі жұмысты қиындатқан еді. Алдағы уақытта әрбір объектінің паспорттық деректерін тексеріп, нәтижелерін жинақтайтын ақпараттық жүйе болады деген сенімдемін», – дейді «ҚазжолҒЗИ» АҚ баспасөз хатшысы Адина Айнаева.

## ЖҮЙЕЛІ ТҮРДЕ ПАРА АЛҒАН

**Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты Білім басқармасының мамандары А. Шиндаулов пен М. Мейірбековке қатысты үкім шығарды. Оларға 36 млн теңге көлемінде айыппұл салынды.**

Олар субсидиялау шарттарына келерсіз қол қойғаны үшін 100 мыңнан 500 мың теңгеге дейінгі сомда мектепке дейінгі мекемелер басшыларынан жүйелі негізде пара алғаны үшін кінәлі деп танылды. Сотталғандар мемлекеттік қызметте, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, қаржы ұйымдарында және квазимемлекеттік секторда қызмет атқару құқығынан өмір бойына айырылды.

Сонымен қатар Департамент білім беру саласындағы жемқорлық тәуекелдерін сырт-



қы талдау барысында бюджет қаражатын жымқыру схемасын анықтады. Мәселен, екі қалалық мектептің бухгалтері 2020–2023 жылдар кезеңінде өзінің жеке шотына мектеп қызметкерлеріне еңбекке тәуекелдерін сырт-

67 млн теңгеден астам қаражатты заңсыз аударған. Жымқырудың ұқсас схемасы №2 мектепте де қолданылған, онда 6 жылдан астам уақыт бойы директор, бас менеджер және бас бухгалтер бірлесіп жұмыс істеген.

## ҚОРҒАНАМ ДЕП ҚАЗА ТАПТЫ



**Алматыдағы «Ақкент» тұрғын үй кешенінде өрт шығып, салдарынан бір әйел қаза тапты.**

Алматы қаласы Төтенше жағдайлар департаментінің басшысы өртте қаза тапқан әйелдің терезеден секіргенін айтты.

«Біздің бөлімше қызметкерлері уақытында қозғалды. 20 секунд күткенде іштегілерді түгел құтқарар едік. Алайда олар біз ішке кіргенше секіріп кетті. Балконда кішкене күтсе, біздің өрт сөндірушілер екі қызды құтқарып қалар еді», – деді ТЖД бастығының міндетін атқарушы, полковник Ерлан Әлібеков.

Төтенше жағдайлар департаментінің мәліметінше, өрттен 80 адам құтқарылған, оның 16-сы – балалар. 43 адам зардап шекті.

«Терезеден секіріп кеткен адамдар қателесті. Сабыр сақтау

керек еді», – деп қосты Ерлан Әлібеков.

«Ақкент» тұрғын үй кешенін салған Аут housing Complex құрылыс компаниясы қаза тапқан Әсел Бекмұхамбетованың отбасына екі бөлмелі пәтер береді. Сондай-ақ компанияның бас директоры Қанат

Ералиев компания өрт шыққан үйді қалпына келтіретінін атап өтті.

«Біз өз бастамамызбен үйді қалпына келтіру шығынын мойнымызға алуға дайынбыз», – деді ол.

Көппәтерлі тұрғын үй 2017 жылы пайдалануға берілген.



## 20 МЫҢ АСТАНАЛЫҚ АЛИМЕНТТЕН ҚАШЫП ЖҮР

**Елордада алимент өндіру бойынша 20 мыңға жуық іс қозғалған. Бұл туралы Астана қаласы коммуникациялар алаңында өткен брифингте Астана қаласы Әділет департаменті басшысының орынбасары Азамат Айнабеков мәлімдеді.**

Баспасөз мәслихатында «Жеке сот орындаушыларының жұмысын бақылау және алимент төлемдерін өндіру мәселесі» туралы сөз қозғалды. Айнабековтың мәлімдеуінше, Астана қаласы жеке сот орындаушыларында 19 890 алимент өндіру туралы атқарушылық өндіріс бар, оның ішінде, 9 915 атқарушылық өндіріс борышкерлердің жамақтарынан ай сайын ұсталса, 618 атқарушылық өндіріс борышкерге іздеу жариялануына байланысты тоқтатылған.

«Бүгінде Астана қаласы жеке сот орындаушылар өңірлік палатасында 244 жеке сот орындау-



шысы қызмет етуде. Жыл басынан бері Департаментпен жеке сот орындаушыларының қызметіне 149 жоспардан тыс бақылау, 75 жоспарлы бақылау жүргізіліп, нәтижесінде 99 ЖСО тәртіптік жауапкершілікке тар-

тылып, 3 ЖСО лицензиясынан айырылса, 2 ЖСО-ның лицензиясынан айыру туралы ұсыныс Әділет министрлігінде қаралуда», – деді Әділет департаменті басшысының орынбасары Азамат Айнабеков.





**Жыл басынан еліміз бойынша 4000-нан астам есірткі-граффити жойылды.**

Бұл туралы кеше «AMANAT» партиясы жанындағы «Жастар Рухы» Жастар қанатының төрағасы Нұржан Жетпісбаев

«Есірткіге жол жоқ» жобасы аясында ұйымдастырылған Астана қаласында есірткі жарнамасы бар граффити жазбаларын анықтау және жою жөніндегі акция барысында хабарлады.

«Есірткі — қазіргі заманның ең қиын да күрделі қауіптерінің бірі. Есірткінің,

## ЕСІРТКІНІҢ ЖАРНАМАЛАРЫ ЖОЙЫЛДЫ

оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретіні баршамызға белгілі. Ғасыр дертімен күресуде «Жастар Рухы» Жастар қанатының тарапынан жан-жақты жұмыстар жүргізіліп келеді. Жыл басынан бері жүргізілген арнайы рейдтерде барлық 20 өңірде 1000-нан аса есірткінің қатысуымен 4000-нан астам граффити анықталып, жойылды. Дәл осындай акция бүгін Астана қаласында өз жалғасын тапты. Астана жастарының көмегімен тыйым салынған сайттар белгіленген жазуларды бояу жұмыстарын жүргізді», — деді Жастар қанатының төрағасы.

Жастармен бірге атаулы акцияға саламатты өмір салтын насихаттаушы, Street Workout Kazakhstan негізін қалаушылардың бірі Айтым Жақұпов пен джиу-джитсудан әлем чемпионы Васи-

лий Тахтай қатысты. Айтым Жақұповтың айтуынша, қазіргі таңда нашакорлық мәселесі, әсіресе, жастар арасында өршіп тұр.

«Бұл — біздің рухастармен бірге жүргізген кезекті рейд. Акция барысында есірткілер мен жүйкеге әсер еткіш өнімдер таратумен айналысатын сайттардың мекенжайлары көрсетілген жарнамаларды анықтап, оны жоюдамыз. Бір қуантарлығы, спортқа қызығып, спортпен шұғылданатын жастар саны артуда, яғни қазіргі жастар саламатты өмір салтын тандайды», — деді ол.

Ал Василий Тахтай есірткі-граффитилерін жою және бояу жұмыстары есірткіні тарату қылмыстарына қарсы түрде маңызды рөл атқаратынын айтады.

«Есірткіні насихаттайтын жазуларды анықтау және жою оны тұтынуды азайтуда үлкен септігін тигізеді. Әрбір қатысушы-

ның өзара әрекеттесуі мен белсенді жұмысының арқасында ғана оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Сонымен қатар осындай акциялар қауіпсіз және сау қоғамдық ортаны құруға көмектеседі», — деді әлем чемпионы.

Акция еліміздің барлық өңірінде тұрақты түрде өтуде. Нашакорлықпен күресу және оны алдын алу жұмыстары тек бұл акциямен ғана шектеліп қана қоймай, сондай-ақ іс-шаралар кешені жүзеге асырылуда. Айта кетейік, «AMANAT» партиясы жанындағы Жастарды қолдау жөніндегі республикалық Кеңестің биылғы жылғы алғашқы отырысында «Жасөспірімдер мен жастар арасындағы темекі мен вейптердің жаппай таралуы», «Жастар арасында есірткі заттарының, соның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы» тақырыптары көтерілген болатын.

## ҚАРАҒАНДЫДА ҚАРЫМДЫ ІСТЕР КӨП

Негізінде жол картасы мен хаттамалық тапсырмалар бойынша Қарағанды облысының сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша Жол картасы 4 бағытта қалыптастырылып, оған 36 көрсеткіш пен 112 іс-шарамен жалпы 156 тармақ енгізілген.

Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ

Өңірде сайлауалды бағдарламалардың орындалысы мен басқа да мәселелерді шешу қалай жүзеге асып жатқаны туралы «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбековтен білген едік.

«Іс-шараларды орындауға 1,2 трлн теңге жоспарланған, оның ішінде республикалық бюджет пен Ұлттық қордан 383,9 млрд теңге, жергілікті бюджеттен 447,8 млрд теңге, басқа көздерден 364,3 млрд теңге», — дейді Бекзат Комарұлы.

Жалпы, Жол картасын іске асыру бойынша жұмыстар партиялық бақылауда. Ал қоғамдық қабылдауға азаматтар күнделікті жүгінеді. Жыл басынан бері қоғамдық қабылдау бөліміне 1,5 мыңнан аса өтініштер мен ұсыныстар келіп түскен. Сонымен қатар облыстық мәслихат депутаттары, басқарма басшылары, «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында заңгерлер, медиаторлар, адвокаттар, сот орындаушылар облыстық филиал жанындағы қоғамдық қабылдау бөлімінде кестеге сәйкес қабылдаулар өткізіп отырады. Биыл мобильді қоғамдық қабылдау Абай, Нұра, Осакаров және Шет аудандарының шалғай



«Халықтың табысын арттыру», «Жастарды қолдау», «Туризм саласындағы әлеуетті дамыту», «Агроөнеркәсіптік кешендегі шаралар», «Өмір сапасын жақсарту (білім беру, денсаулық сақтау, спорт)», «Өмір сүру жағдайын жақсарту (тұрғын үй құрылысы, инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым салу, көлік байланысы, сумен, газбен және жылумен қамтамасыз ету, жас мамандарға арналған әлеуметтік бағдарламаларды дамыту, азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету)», «Экологиялық жағдайды жақсарту және партиялық жобаларды іске асыру» бойынша да жоспарлар құрылып, жүзеге асырылуда. Сонымен қатар биылғы жылы Республикалық сайлауалды штаб өкілдерінің сапары кезінде бірнеше хаттамалық тапсырма берілген болатын. Солардың бірі — «Жылдық 5% жеңілдікті ипотека ұсынатын жас мамандар, кеншілер мен металлургия үшін Өңірлік Ипотекалық бағдарламаларды іске асыруды ұйымдастыру».

«Өңірімізде аталған бағдарлама «Отбасы банк» АҚ-мен бірлесіп жүзеге асырылуда. Биыл Қарағанды, Балқаш, Теміртау, Саран қалаларын қамти отырып, жылғы саны 196 жеңілдетілген несие берілмек. Жыл сайын облыстық бюджеттен — 1 млрд теңге, жергілікті бюджеттен — 1,4 млрд теңге, банк тарапынан — 1,1 млрд теңге қарастырылған. Хаттамалық тапсырмалар Жол картасына енгізілген. Әр тармақ бойынша жауапты облыстық фракция депутаты белгіленіп, өңірдің басқарма басшыларымен және облыс әкімінің орынбасарларымен келісіліп, саяси бюро отырысында бекітілген», — дейді филиал төрағасы.

Қарағанды облысы

## ДЕПО ҚҰРЫЛЫСЫ — ПАРТИЯ БАҚЫЛАУЫНДА

«AMANAT»-тың Маңғыстау облыстық фракциясы отырысында партияның сайлауалды уәделерінің орындалу барысы талқыланды. Жиын барысында облыс әкімінің орынбасары Руслан Бектемір биылғы жоспарланған 84 іс-шара мен жобалардың 40%-ы орындалып, қалғаны жыл соңына дейін жүзеге асатынын жеткізді.

Алайда орындалмау қаупі бар екі жоба белгілі болды. Солардың бірі — өрт қауіпсіздігінің алдын алу мақсатында қолған алынған «Өрт сөндіру депосының» құрылысы. Осыған дейін төтенше жағдайлар департаментінің аталмыш ұсынысы қаралмай, Ақтау қалалық әкімдіктен бөлінген жерлер бірнеше рет қайтарылып алынған болатын.

«AMANAT» партиясы Маңғыстау облыстық фракциясының төрағасы Нұрбек Қарасаев депо құрылысының мәселесін аяқсыз қалдырмау мақсатында Ақтау қаласы әкімдігінің, төтенше жағдайлар департаментінің өкілдерімен, облыстық мәслихат депутаттарымен жиын өткізді.



Жиын барысында олар өрт сөндіру депосын салуға жер бөлу мәселесін шешу жолын қарастырды. Талқылау нәтижесі бойынша қалалық әкімдік өрт сөндіру депосын салуға қаулы шығарып, жер бөлді. Осылайша, депо салу жұмысы облыстық құрылыс басқармасына тапсырылды. Өз кезегінде, облыстық құрылыс

басқармасы алдағы сессияда қаржы бөлу бойынша жобаны дайындап, ұсынатындарын айтты. Тұрғындарды өрт апатынан қорғау маңызды мәселе екенін алға тартқан партия филиалының төрағасы Нұрбек Қарасаев жоба толық аяқталғанша партия бақылауында болатынын жеткізді.

## ҮШ АУЫСЫМДЫ МЕКТЕПТЕР МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛЕДІ

«AMANAT» партиясы Қызылорда қалалық филиалының депутаттық фракция жетекшісі Талғат Мақашов БАҚ өкілдерімен кездесіп, атқарылған жұмыстар турасында брифинг өткізді.

Қазіргі таңда «AMANAT» партиясының 2023-2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге!» атты сайлауалды бағдарламасын іске асыруға арналған Жол картасы бойынша ауқымды жұмыстар атқарылуда. Атап айтар болсақ, қаламызда маңызды бірнеше әлеуметтік-мәдени нысандар бой көтеруде: ауысымына 100 келушіге арналған емханасы бар 300 төсекке арналған көпбейінді аурухана (онкологиялық бөлімшесімен), Өнер сарайы, облыстық Қан орталығы, Тасбет кентіндегі дене шынықтыру-сауықтыру кешені және т.б. Сонымен қатар қалаға қарасты Қарауылтөбе мен Талсуат ауылдық округтерінде 150 орындық екі ауыл клубының құрылысы жүргізіліп жатыр. Аталмыш нысандар жыл аяғына дейін ел игілігіне табысталады. Қазіргі таңда Қызылорда қаласында үш ауысымда оқытатын 6 мектеп бар. Үш ауысымда оқытатын білім беру ұйымдары мәселесін шешу мақсатында қаладағы 4 мектептің жанынан 1 850 орынға лайықталған қосымша ғимарат құрылысы жүргізілуде. Қалған 2 білім нысанының мәселесін биыл пайдалануға берілетін Жезқазған трассасы бойындағы 600 орындық жана мектеп есебінен шешу жоспарланған. Аталған мектептер жана оқу жылы қарсаңында пайдалануға беріледі. Жалпы айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау және спортқа қолжетімділікті арттыру бағытындағы жоспарлы жұмыстар үнемі бақылауда. «AMANAT» партиясының бастамасымен еліміз бойынша сайлауалды уәделердің орындалу барысын жүйелі бақылап отыру мақсатында осы кезге



дейін қаламызда салынып жатқан 9 нысанға партиялық бақылау бекеттері орналастырылды, оның бесеуі — білім ошағында. Жол-көліктік инфрақұрылым мәселелері де назардан тыс қалған жоқ. Мысалы, бірнеше көпір құрылысы жүргізілуде. Олар — Ғ.Мұратбаев пен Ясауи көшелерінің қиылысында темір жол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі, «Бәйтерек» тұрғын ауданында «Оң магистральды» арнасы арқылы өтетін автокөлік көпірі, Сырдария өзенінің сол жақ жағалауындағы басты көше жолының «Батыс Еуропа — Батыс Қытай» автодөлізімен жанасатын жеріндегі көлік айрығы.

«Қорқыт Ата» әуежайының жана терминалын қайта жаңғырту және кеңейту жұмыстары да басталды. Елді мекендерді газдандыру бойынша да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Мысалы, қала маңындағы Қосшынырау ауылдық округінің Абай, Досан елді мекендерін газдандыру жұмыстары да бар. Осы күні екі елді мекеннің, яғни, Ақсуат және Махамбет ауылдық округтері көгілдір отынмен қамтамасыз етіліп, ауыл тұрғындары игілігін

көруде. Мәселен, Қарауылтөбе ауылдық округіндегі ауылдық клуб сметалық құжаттарына сәйкес пеш арқылы жылытын болса, соны көгілдір отын жылуына өзгертуге депутаттық сауалдарымды жолдады», — деді Т.Мақашов.

Жоғарыдағы жұмыстардың жоспарға сай уақытылы әрі жүйелі түрде жүргізілуін қамтамасыз ету мақсатында «AMANAT» партиясының Қызылорда облысы бойынша 2027 жылға дейінгі Сайлауалды бағдарламасы негізінде жасалған «Жол картасындағы» индикаторлардың әрбіріне жауапты қалалық мәслихат депутаттары бекітілді. Сонымен қатар биыл сайлау науқаны уақытында қалалық сайлауалды қоғамдық штабтың қабылдау бөлмесіне тұрғындар тарапынан өзекті мәселелер бойынша бірқатар ұсыныс-тілек келіп түскен болатын. Олардың басым бөлігі — қаржылай көмек көрсету, демеушілік жасау, коммуналдық-инфрақұрылымдық және әлеуметтік сипаттағы мәселелер.

Дайындаған Н.ОРАЗҒАЛИ



# ҚОС АЗАМАТТЫҚ – ҚАТЕРЛІ ҚҰБЫЛЫС

Елімізде қос азаматтығы барлардың қатары қалыңдағанға ұқсайды. Әсіресе, Ресейдің қоңыр паспорттын иеленгенін жасырып жүргендердің саны күрт артыпты. Мұны ресми статистика растайды. Сарапшылардың айтуынша, қос азаматтық мәселесі ушықса, ол елдің бірлігіне сына қағады. Елдегі қоғамдық тәртіп пен ұлттық қауіпсіздікті қожыратады. Оның әлеуметтік-экономикалық залалы да зор. Сондықтан құзырлы органдардың бұл кесірлі құбылыспен күресті күшейткені қуантады. Сонымен бірге алда ұлттық заңнамаға өзгерістер әзірленуде.

Бұл құбылыстың қандай ауқымға жеткенін және ондағы трендтерді мына деректен байқауға болады. Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, республикада бүкіл 2022 жыл бойы қос азаматтығы бар жалпы саны 841 адам табылып, әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Оның тек 138-і сот шешімімен елден аласталған. Қалғанын соттар айыппұл салумен шектеген.

Осыларды қос алғанда, соңғы 5 жылда азаматтық туралы заңнаманы бұзған 3 515 адам жазаланды. Соның ішінде 3 мыңнан астамы айыппұл арқалаған. 473-і елден шығарылып, жаңа отанына қуылды. Осы 3,5 мыңнан астам адамның бәрінің қазақстандық көк паспорты тартып алынды.

2023 жылы бұл саладағы күрес біршама өрістеді. Бір ғана Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі биылғы маусымдағы жағдай бойынша жыл басынан бері қос азаматтығы бар 233 адамды әшкерелеген. Бірақ бұл – мұздаудың ұшар басы және шекарада ұсталғандары ғана.

Мысалы, Павлодар облысында қос азаматтықты иеленудің 800-ден астам дерегі анықталды.

– Қазір облыстық Полиция департаментінің көші-кон қызметінің бөлімшелері меморгандардың облыстық аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп, қос азаматтығы барларды анықтау бойынша тұрақты негізде жұмыс жүргізіп жатыр. Жыл басталғалы Павлодар облысында 819 азамат Қазақстан азаматтығынан айырылды. 49-ы әкімшілік жауапкершілікке тартылды, оның 8-і Қазақстан аумағынан шығарылды, – деді Павлодар облысы ПД Көші-кон қызметі басқармасы бастығының орынбасары Ғомар Шәбиденов.

Мәселен, Павлодар облысының Шарбақты аудандық полиция бөлімінің көші-кон полицейлері 45 жастағы ер адамның Ресей азаматы атанғанын құзырлы органдардан жасырып қалғанын, қазақстандық құжаттарын ары қарай пайдаланып жүргенін анықтады. Оған қатысты Әкімшілік кодекстің 496-бабы 2-бөлігі бойынша әкімшілік материал жасалды. Материал шешім қабылдау үшін сотқа жіберілді.

Бүкіл 2022 жылы қос азаматтығы бар 841 адам анықталса, биыл осы көрсеткішті бір ғана облыс беріп отыр. Осыдан-ақ проблеманың ауқымын бағамдауға болады.

Бұл – тек бір өңірдегі ахуал. Өзге өңірлердің көрсеткіштері төмен. Бірақ оларда да проблема салмақты әрі көкейкесті. Мысалы, биылғы 5 айда Шығыс Қазақстан облысында қос азаматтығын жасырғаны үшін 20 адам жауапқа тартылды. Оның ішінде шетел азаматтығын алғаннан кейін құжаттарды уақытты тапсырмағаны үшін 13 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылды,



олардың үшеуі сот шешімімен Қазақстаннан тыс шығарылды.

ШҚО ПД Көші-кон қызметкерлерінің айтуынша, қос азаматтық иелену фактілерінің өсуі байқалады. Олар былтырғы шілдеде басқа елдің азаматтығын алған Риддер тұрғынын анықтады. 29 мамырда ол әйел Риддер қаласының әкімшілік сотының шешімімен елден аласталды.

Елде Қазақстанның азаматтығынан бас тартпай, өзге елдің азаматтығын рәсімдеу жағдайлары жиі кездеседі. Бұл үрдіс Қантар оқиғасынан кейін күшейгені байқалады.

## МОНОАЗМАТТЫҚ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚҰБЫЛЫС

Полицияның түсіндіруінше, қазақстандықтар басқа елдің азаматтығына кірмес бұрын қазақстандық азаматтықтан бас тартуы қажет. Ол үшін 30 күн мерзім ішінде өзге мемлекеттің азаматтығын алуды жоспарлағаны туралы ішкі істер органдарына немесе шет мемлекеттің аумағындағы Қазақстанның дипломатиялық өкілдігіне хабарлауы тиіс. Ол ҚР паспорты мен жеке куәлігін тапсыруы шарт. Бірақ екіншіше қарай, өзге елдің паспортына ынтыққандардың бәрі бірдей «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңның 21-бабының осы талаптарын орындай бермейді.

Құқық қорғау органдарының қызметкері Айдын Бекмырза қазақстандықтардың өзге ел азаматтығын алуының бірнеше себебін тізбелеп берді. Бастысы, әрине, қауіпсіздік: республика бейбітшілігінен, тыныштығынан, тұрақтылығынан айырылса, төтенше жағдай туындаса, отбасымен шұғыл эмиграцияланып, өзге елден еш қиындықсыз пана табуудың алдын ала қамын жасайды.

«Екіншіден, мемлекеттік шекарадан кедергісіз өтуді, өзге елде еркін қозғалуы көздейді. Үлкен бір бөлігі сол кезде ұсталады: мысалы, ҚР азаматтығын жасырып алғандар көрші елге ұзаққа барғанда паспорттық бақылауда, Шекара қызметіне қазақстандық емес, ресейлік паспорттың көрсетеді. Сөйтіп, Ресей аумағында РФ паспортын пайдаланып, сонда ұзаққа қала алады. Сонда «Бүркіт» ақпараттық жүйесі арқылы тексергенде, оның ҚР азаматтығынан шықпағаны анықталуы мүмкін. Үшіншіден, Қазақстан азаматтығын сақтап қалу арқылы материалдық артықшылықтар алғысы келеді. Бүгінде Ресейге қарағанда, Қазақстанда зей-

нетақы да, бала туу, мүгедектігі және басқасы үшін берілетін жәрдемақылар да жоғары», – деді А.Бекмырза.

Салдарынан, Ресей Федерациясының жаңа азаматтарының Қазақстанда зейнетақы, әлеуметтік жәрдемақылар алып келуі фактілері тұрақты түрде әшкереленіп тұрады. Мысалы, таяуда Шемонаиха полицейлері 2022 жылы РФ азаматы атанғанымен, ҚР паспортын тапсырмай, қазақстандық қомақты зейнетақыны алуын жалғастырған ерлі-зайыпты қос зейнеткерді тапты. Сот шешімімен ол екеуі де Ресейге депортацияланды.

Сарапшының айтуынша, көші-кон саласындағы ынтымақтастық аясында Қазақстан мен Ресей осы мәселені де реттеуге уағдаласқан. Алайда Мәскеу іс жүзінде посткөрсеткіс кеңістіктегі республикалар тұрғындарының РФ азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алуын ынталандырып отыр.

Белгілі заңгер ғалым, профессор Сәуле Амандықованың айтуынша, моноазаматтық қағидаты – еліміздің Конституциясында бекітілген аса маңызды принциптердің бірі. Қазақстан азаматының басқа мемлекет азаматтығын иеленуі мойындалмайды. Дегенмен, 1991 жылы «ҚР азаматтығы туралы» заң қабылданған соң қос азаматтық проблемасының ушыққаны айқындалды. Қос азаматтыққа ие адамдар мемлекет үшін де, қоғам үшін де нақты қиындықтар туғызады. Ендеше бұл кесірімнен пәрменді күрес жүргізілгені жөн.

## ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІК ШЕНДІНІҢ ОЙЫНШЫҒЫ ЕМЕС

Кенес одағы қос азаматтыққа қатаң тыйым салды және оған жол бермеу үшін аяусыз күресті. Ал Ресей керісінше, өз паспортын өзге елдер азаматтарына белсенді таратуға ден қойды. Салдарынан КСРО ыдыраған соң қос азаматтық мәселесі ТМД аумағындағы ең күрделі проблемаға айналған.

Сарапшылар тәуелсіздіктің өткен отыз жылдығында елімізде парадоксты жағдай орнағанына назар аудартады. Бір жағынан, Ата Заң қос азаматтыққа тыйым салады. Екінші жағынан, билік практикада бұған тегеурінді тосқауыл қойған жоқ.

Салдарынан түрлі эксперттердің бағалауынша, Қазақстанның орыс тілділері көп өңірлерінде тұрғындардың төрттен бір бөлігі немесе одан көбі РФ азаматтығын астыртын алып алған.

А.Бекмырза да таныстарының біразы Ресей азаматтығына ие екенін, олар ҚР паспорты мен жеке куәлігін тапсырғанын, әйткенмен, сол бойы Қазақстанда қалып, жұмыс істеп жатқанын айтады. Бұл да үлкен бір проблема. Өйткені олар Еңбек министрлігінің сырттан келген мигранттарға қатысты статистикасына ілікпейді, тиісінше, реттелмейді.

Сарапшылардың тұспалдауынша, билік органдарында қос азаматтыққа ие адамдар болуы мүмкін екенін жоққа шығаруға болмайды. Әсіресе, Г.Марченко кезінде Ұлттық банкте қос азаматтығы барларға жұмыс істеуге рұқсат етілген. Марченконың өзі де кейін өзге елдің азаматы екені туралы сырын ашып, Швейцарияға тайып тұрды.

Азаматтық мәселелері жөніндегі көрнекті ғалымдардың бірі Н.В.Витрук «қос азаматтығы бар тұлғалардың соларды өз азаматы деп санайтын мемлекеттің егемендігіне айтарлықтай зиян келтіретінін» ескертеді. Бірінші кезекте, мемлекеттің «негіз қалаушы қағидаты» – өз азаматтарына мемлекеттік биліктің толық юрисдикциясын, үстемдігін жүргізу принципі бұзылады. Сонымен бірге өзге елдің азаматы екенін құпияда сақтаған тұлға мемлекеттік қызметке тұрып, мемлекеттік құпиямен жұмыс істесе, бұл енді тікелей ұлттық қауіпсіздікке нұқсан.

Сондықтан Ішкі істер министрлігі қос азаматтықты шектеу шараларын күшейтуге бағытталған жаңа заң жобасын әзірлеп шықты. Заңнамалық түзетулер – «Кейбір заңнамалық актілерге ішкі істер органдарының қызметі саласындағы нормалардың артық (шамадан тыс) заңнамалық регламенттелуін болдырмау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» деп аталатын заң жобасына енгізілмек.

Себебі Қазақстан Конституциясының 10-бабында «Республика азаматының басқа мемлекеттің азаматтығында болуы танылмайды» деп қана, қысқа жазылған. Егер Парламент қабылдаса, ұлттық заңнамада бұл ұғымды кеңейту ұсынылып отыр.

Осы мақсатта сонау 1991 жылғы 20 желтоқсанда қабылданған, бірақ қазіргі кезде де қолданылатын «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңының жаңа негізгі міндеті пайда болады. Ол міндет: «мемлекеттің тәуелсіздігін, аумақтық тұтастығы мен егемендігін, оның конституциялық құрылымын

сақтау және қамтамасыз ету мақсатында қос азаматтықты болдырмау».

«Бұл норма Қазақстан аумағында бірнеше, соның ішінде қос азаматтыққа қатаң тыйым салынатынын нықтайды. Тиісінше, шетел азаматы бір мезгілде Қазақстан азаматы бола алмайды», – деген түсініктеме берді заң жобасын әзірлеушілер.

## ОТАНЫНА АРАМДЫҚ ТАНЫТСА, ОРАЛМАҒАНЫ ИГІ

Айтпақшы, сарапшылар былтыр Мәскеу көрші еліне кең ауқымды соғыс басталғалы кері процесс де өрбігеніне назар аудартады: елді тәрк етіп, өз тағдырын оның болашағымен байланыстырғысы келмей, Ресейге кетіп қалған экс-отандастардың үлкен бөлігі енді Қазақстанға оралуға, біразы азаматтығын қалпына келтіруге тырысуда. Себебі РФ паспортымен дамыған елдерге виза алу күрделенді әрі бұл елдің азаматтарына дүниежүзінде көзқарас күрт нашарлады.

Олардың арасында кезінде қос азаматтығын жасырғаны үшін сот шешімімен елден қуылғандар бар. Сол себепті ішкі істер органдарының мамандары мұндай арамза пиғыллы адамдардың қайтадан Қазақстан азаматы болуына жол бермеуді ұсынды.

Осы мақсатта қолданыстағы аталған заңның 17-бабындағы «ҚР азаматтығына қабылдаудан және ҚР азаматтығын қалпына келтіруден бас тарту негіздері» жаңасымен толығыды.

Бұрынғы экс-отандас «Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы өтінішпен жүгінгенге дейін 5 жыл ішінде ҚР Ішкі істер органдарына немесе Қазақстанның шет елдердегі мекемелеріне өзге мемлекеттің азаматтығын алу фактісі туралы хабарламаса», онда оған Қазақстанның азаматтығы берілмейді. Парламент депутаттарының «құлағына алтын сырға»: бәлкім, бұл жерде 5 жылдық мерзімді алып тастаған, оларға өмір-бақи тыйым салған жөн де шығар.

Мысалы, биыл Ақмола облысының Көші-кон қызметінің қызметкерлері Ақкол қаласында қос азаматтықпен жүрген қызды анықтады. 23 жастағы бойжеткен ҚР азаматтарына арналған квотамен 2019 жылы ресейлік жоғары оқу орнына түсіпті. Сонда жүріп, көршінің азаматтығын қабылдаған. Оны отандық құзырлы органдарға хабарламаған. Оған қатысты әкімшілік хаттама толтырылып, материалдар сотқа жолданды. Ақмола облысында былтыр астыртын РФ азаматтығын алған 2 760 адам табылды. Анықталмағаны қаншама?

Мұндай жағдайда Әкімшілік кодекске сәйкес, қос азаматтығын жасырғандарға 200 АЕК (2023 жылы – 690 мың теңге) айыппұл салынады немесе ҚР аумағынан шығарылып жіберіледі: оларға 5 жыл мерзімге елімізге кіруге тыйым салынды. Содан соң оралуына рұқсат.

Сарапшылар бұл құбылыстың ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіретінін еске салып, айыппұл көлемін 1000 АЕК-ке дейін күрт өсіруді немесе сол үшін қылмыстық жауапкершілік енгізуді ұсынады. Сонда заң бұзбас бұрын әлгілер дұрыстап ойланар еді.

Ішкі істер министрлігі биыл өзге елдің азаматтығын көрінеу, қасақана жасырғаны үшін жазаны қатайту мақсатында заңнамаға түзетулер енгізу жоспарланып отырғанын хабарлады. Бұрынғы билік тіпті ұсақ құқықбұзушылықтарға да «нөлдік төзімділік» таныту саясатын жариялады. Сонымен бірге жылдар бойы ол қос азаматтыққа тоқтау салу бағытында тиімді шаралар қабылдамады, бұл мәселеге көз жұма қарап, ахуалды ушықтырып жіберді. Енді осы олқылықты жедел түрде түзету қажеттілігі туып тұр.

Елдос СЕНБАЙ

# ВАНДАЛИЗММЕН КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Астанада Мемлекет басшысының тапсырмасы аясында вандализммен күрес бойынша жүйелі жұмыс жүргізіліп жатыр. Кеше елордада қаланың мүлкін, аула аумақтары мен қоғамдық алаңдардың бүлінуіне жол бермеу үшін «Токта, вандал» акциясы басталды.

«Токта, вандал» акциясы «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы алдында өткізілді. Оған ұрыс қимылдарының ардагерлері, ерік-тілер, үкіметтік емес ұйымдар, сондай-ақ этномәдени бірлестіктер өкілдері қатысты. Бастама елордада вандализмге жол бермеуге және қала мүлкін сақтауға бағытталған.

Қатысушылар елорда тұрғындарын бұзақылық әрекеттерден аулақ болуға шақырды. Іс-шара барысында

қала тұрғындарына «Қаланың келбетін сақтайық!», «Бастаманы қолдайық!», «Астана – біздің ортақ үйіміз!», «Қалада вандализмге жол жоқ! Елде вандализмге жол жоқ!» деген жазуы бар 200-ден астам постер таратылды.

Акция жыл соңына дейін жалғасады деп хабарланып отыр. Естеріңізге сала кетейік, Астанада ұсақ құқықбұзушылықтарға «нөлдік төзімділік» қағидатын іске асыру аясында ҚР ӘҚБтК-нің 434-бабы

«ұсақ бұзақылық» бойынша 555 хаттама жасалды. Оның ішінде қоғамдық орындарда балағат сөздер айтқаны, жеке тұлғаларды қорлағаны, ғимараттарға, өзге де құрылыстарға, тұрғын үй-жайларға, ортақ орындарға, көліктегі мүлікке және басқа да мүлікке зиян келтіргені үшін, сол сияқты қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да ұқсас әрекеттер бар.

Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету үшін елорда көшелерін күн сайын 2500-ден астам полиция қызметкері мен Ұлттық ұлан әскери бөлімінің қызметкерлері күзетеді.

Б.ИКРАМОВА







**Қосыбек ЫРЗАҒАЛИЕВ,**  
ауыл шаруашылығы ғылымдарының докторы:

## АГРАРЛЫҚ САЛА ЗООТЕХНИККЕ ЗӘРУ

түрде жан-жақты өркендеді. Оған үлкен маңыз берілді. Өйткені, шын мәнінде ауыл қаланы асырады. Ал саланы ғылыми тұрғыдан басқару соны соқпаққа, жана бастамаларға жол ашты.

Мал басын асылдандырып, олардың түрлерін шығаруға сан ұрпақ талай жыл жұмсады. Мәселен, академик Хисмет Үкібаев жетекшілік еткен мамандар мен ғалымдар «Атырау елтірілі, етті-майлы құйрықты қойы» тұқымын шығарумен ширек ғасырдан аса уақыт шұғылданды. Атап айтқанда, 1974-1998 жылдары қазақтың қылыш жүнді құйрықты қойы мен еділбай саулығын қарақөл тұқымының сұрхандариялық сұр түсті және қарақалпақтың тұқымы ішіндегі типтегі қошқарларымен күрделі өндіре будандастыру жүзеге асырылды. Кейін екінші ұрпақтағы будандарды «өз ішінде» өсіру мәреге жеткізілді. Міне, соның бәрін шыдамдылықпен күтіп, күні-түні селекциялық шарамен шұғылданған ғалымдар мен мамандардың мінсіз қызметіне таңғалмасқа бола ма?

Мал тұқымдарының жаңа түрлері мен сүлелерін шығару, өнімділігін арттыру — бүгінгі, яғни нарықтық экономиканың сұранысы мен талаптарына байланысты. Өмір өзгерістеріне орай малдың жаңа тұқымын шығару қажеттігі де туындауы әбден ықтимал.

— Сонда не істеу керек? Қазіргі мал өсірумен айналысушылар қандай міндеттерге назар аударуы қажет?

— Қазіргі күнделікті құбылмалы өзгерістер қажетті өнімге деген сұранысты, өнімнің сапасы мен құрамын түрлендіріп отыруды талап етеді. Ал қазіргі мал өсірумен айналысатын шаруашылық құрылымдардың көпшілігінде зоотехник маман болмағандықтан, зоотехникалық жұмыстар нақты жүргізілмейді. Жергілікті шаруашылықтарда селекциялық асылдандыру жұмыстарын жүзеге асыра алатын, малдың тұқымдық сапасы мен қасиеттерін ажырата білетін мамандар аса керек. Себебі «іс тегінің кадр шешеді» деген қағида қай заман болса да өз күшінде қалады, оны өмірдің өзі дәлелденген.

Егемендік жылдары ауыл шаруашылығын жосықсыз жекешелендіріп, қыруар малды ұстағанның қолына беріп жіберген соң зоотехника да ұмыт болды. Бұған бұл бағытта жүргізілген жөнсіз реформалар кінәлі. Бұрынғы ұжымдық құрылымдар тарап, бар шаруа жекенің қолына көшкен соң әркім өзінше тірлік жасауға көшті. «Мал менікі, не істесем де, өзім білемін» деген түсінік қалыптасты. Расында да, әркімнің ауласында тұрған төрт түлікке көлденең кісі иелік ете алмайды ғой. Ал кейін сол малынан ауру табылса, атқарушы билікке жүгіреді. Бәрін мемлекет есебінен толтыруға тырысады. Бұл — бұрыннан қалыптасқан масылдықтың белгісі. Соны жене алмай келеміз.

— Қазіргі қалыптасқан ахуал мал шаруашылығына ғылыми негіздерді жетпей жатқанын көрсетіледі. Сіз қалай ойлайсыз?

— Жалпы, ауыл шаруашылығына түпкілікті жаңа көзқарас керек. Төрт түлікпен ғылыми тұрғыда жұмыс істеуге көшкен дұрыс. Мұны мемлекеттік тұрғыда маңызды мәселе деп түсінген жөн. Сөз жок, өткен 30 жылда бұл бағытта талай бағдарлама қабылданды. Бірінен екіншісі озық тәрзіді көрінді. Ешқайсысын да жатсынғанымыз жоқ, бәрін қабылдадық. Бірақ біреуі де жүйелі жүзеге асқан жоқ. Өйткені саланың министрі ауысса, жаңа басшы өз бастамасын ұсынады. Мемлекет басшысы кезінде бұл бағытта лайықты сын айтқан-ды. Расында, қолға алынған шаруа неге мәреге жеткізілмейді? Орта жолда тұралап қалатыны қалай? Президентіміз ауыл шаруашылығын дамытуға соңғы жылдары ғана миллиардтаған теңге жұмсалғанын айтқан. Соның қайтарымы қайда? Міне, жауапкершіліктің сұралатын жері. Мұны бірінші деп қояйық.

Екіншіден, ірілі-ұсақты құрылымдарда ғылыми негізде жұмыс істейтін адам қалмады. Біз секілді сексеннің сенгіріне жақындаған ғалымдар әлі іс басында болғанымен, шаруаны әрі қарай жалғастырып кететін жастар қайда? Оқу орындарын бітіріп жатқан азы-кепті мамандарды қалай қызықтыруға болады? «Дипломмен — ауылға» бағдарламасы бұларды айналып өткені ме? Мәселен, Атырауда аграрлы-техникалық

колледжі бар. Кенестік кезде ауыл шаруашылығы техникумы аталған-ды. Шындығында, байырғы мамандардың дені бастапқы білімді осында алатын. Мұны бітірген мамандарды қаладан шығара алмайсың. Дипломны қолтықтап, көшеде әртүрлі шаруамен айналысып жүр, бірақ ауылға қатысы жоқ. Ендеше несіне оқиды? Атаның аузынан жырып берген ақшасын далаға шашқаны ма? Осы орайда кейбір шешімді шараларды жүзеге асыру қажет. Алдымен ауыл шаруашылығын ғылыми тұрғыдан басқаруға батыл бет бұру керек. Ауыл шаруашылығы саласының ғалымдары мен мамандарын барынша қолдау қажет. Жастардың зоотехник мамандығына қызығушылығын арттыру керек. Атадан балаға мұра болып қалған кәсіпті жан-жақты насихаттаған жөн. Қазір жұмысшы мамандығын дәріптеп жатырмыз ғой. Мұнда да сондай тәсіл қолданған абзал. Бейнероликтер даярлап, соны теледидардан жиі көрсеткен дұрыс. Оқу орындарында осы мамандыққа студенттер қабылдауға ауыл балаларына ден қойып, оларға емтихан тапсыру барысында жеңілдіктер жасалса, кейбір мәселе шешіліп те қалуы мүмкін.

— Кейде дипломы бар маман болғанымен, шаруашылық басында оған сұраныс бола бермеуі де мүмкін ғой...

— Сол себепті шаруашылықтарда зоотехник мамандығын енгізуді міндеттеу керек деп ойлаймын. Бұл ретте фермерлердің жекеменшік екені алға тартылар. Әйтсе де, мал шаруашылығын дамыту, төрт түлікті өз төлінен өсіру, оны асылдандыру, сапалы өнім өндіру мен өткізу мемлекеттік міндет емес пе? Адамдар әрі қолжетімді, әрі қауіпсіз ас тұтынуы керек қой. Егер осы саланы сауықтыра алсақ, қазіргідей сыртқа тәуелділіктен құтылмаймыз ба? Жасыратыны жоқ, бұғанда республикаға азық-түліктің дені тыстан тасылып жатыр. Мұның түбі жақсылыққа соқтырмайды.

Сондай-ақ малдан тарайтын жұқпалы аурулар адамға жұғады. Әр жылы түрлі дертін салдарынан төрт түлік қырығна ұшырап жатады. Тәжірибелі зоотехниктер «Малды іріктесең, тұқымы азды, қонысын жанартап-пасаң, өрісі тозады» дейді. Бірақ соған кім құлақ асып жатыр? Расында да, өнімділігі төмен, тұқымдық қасиеті нашар малды ұзақ уақыт бау одан алынатын ет пен сүттің сапасына кері әсер етеді. Мал ағзасы түрлі табиғи факторға төзімсіз болады. Ал дұрыс тамақтанбаса, ауруға шалдығып, шетінеі бастайды. Мұндайда амалсыз пышаққа жығуға тура келеді. Міне, бұл жерде де зоотехник мамандығының рөлі зор екені түсінікті.

Қазір ауылда жүрген аз ғана мал мамандарының жалақысы мардымсыз. Олардың айлығы кенестік кезде де төмен-ді, содан

бері жақсарғаны шамалы. Шаруашылықтардың да кінәсі жоқ. Дені субсидиямен күн көріп отыр. Міне, 30 жыл болды, жүн мен тері мәселесі шешілмей келеді. Бұл қосымша табыс көзі болар еді. Шаруалар шығындарын ақтау үшін өнімдерін қымбатқа сатуға мәжбүр. Ал мұны мемлекеттік тежеу тетігі тағы бар. Тіпті, азық-түлік бағасын өсіру елде инфляция деңгейінің көтерілуіне әкеліп соқтырды. Үкімет бұған рұқсат ете ме? Әрине, жоқ. Ендеше «қой да аман, қасқыр да тоқ» дегендей, тығырықтан шығатын жол бар ма?

Қазақ «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» дейді. «Ауру астан» деген де бар. Қайткенде де, ғұмырын төрт түлікпен байланыстырған ауыл үшін зоотехник өте қажет. Бүгінде ауылда маман түгілі мал бағатын адам қалмаған. Ел бойынша солай шығар, ал Атырауда ерлі-зайыпты бақташы іздеген хабарландыру газет бетінен түспейді. Демек, табылмай жатқаны ғой. Мұның соны шаруашылықтардың тарап кетуіне апаратын.

— Сонымен, шұғыл тұра мемлекет тарапынан қандай шаралар қабылданы қажет деп санайсыз?

— Қазір кейбір әкімдердің өздері басқарған аймақта жүздеген гектар жерді заңсыз рәсімдерімен айтылуда. Кейбір елді мекен төңірегі сым қоршаумен бөлінген. Иелері өздері де пайдаланбайды, өзгеге де бермейді. Кейбір ауыл тұрғындары азы-кепті малын жаятын жер таба алмай жүр. Қолданыстағы заңдылықтар бойынша, іргедегі жер ортақ меншік саналғанымен, әлділер әлдеқашан қожалық етуде.

Республикадағы қымбатшылыққа жауапты құрылымдар қатарында Ауыл шаруашылығы министрлігі де аталады. Жә, жаңытқандар министрлік. Бірақ одан ортақ ахуал сауыға ма? Мақсат — біреуді кінәлап, оны айыпқа жыю емес, тығырықтан шығар жолды бірлесіп табу. Мүмкін жауапкершілікті арттыратын заңдылықтар қабылдау қажет ғой? Тіпті, барлық билікті министрлікке шоғырландыра, кейбір мәселені жергілікті атқарушы билікке берген дұрыс тәрізді. Солар өңірдің өзгешелігін көбірек біледі ғой. Тосын жағдай бола қалса, Астанаға жалтақтамай, шұғыл шешім де қабылдар еді.

Жоғарыда айтқанымдай, зоотехник мамандығының маңызын көтеру керек. «Ғалым-зоотехник» кімнен кем еді? Оның бағасы неге түсіп кетті? Шұғыл шара қажет. Әйтпесе, ауыл шаруашылығына жұмсалған қыруар қаражаттың қайтарымы болмайды. Еліміздің азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төнеді. Ал оны болдырмау — баршамыздың ортақ міндетіміз.

— Өңімізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Баян ЖАНҰЗАҚОВА

# QAZAQGAZDA ҚАУІПСІЗДІК — БАСТЫ ОРЫНДА



**Жүргізушілердің жол жүру ережелерін сақтамауы, жауапсыздығы, салғырттығы жол-көлік апаттарының басты себебі болып отыр. Осы орайда жол-көлік оқиғаларында адам өлімі мен ауыр жарақаттардың алдын алуға септігі зор қауіпсіздік белдігінің рөлі көп жағдайда ескерілмейтін айта кету керек. Статистикаға сүйенсек, қауіпсіздік белдіктері маңдайдан соқтығысқанда өлім мен ауыр жарақат алу қаупін 2-2,5 есеге, бүйірден соқтығысқанда 1,8 есеге, аударылып кету кезінде 5 есеге азайтады екен. Осы ретте QazaqGaz ұлттық компаниясы қызметкерлеріне көлік оқиғаларынан сақтануға арналған «STOP ДТП» акциясы ұйымдастырылды.**

Іс-шараға «Самұрық-Қазына» АҚ Корпоративті басқару, әлеуметтік-енбек қатынастары және енбекті қорғау жөніндегі басқарушы директоры Ғибрат Ауғанов және «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов қатысты. Шарада жол апаты кезінде соққының қандай болатынын қызметкерлер арнайы құрылғы арқылы сезініп көрді. Қауіпсіздік белдігін тағу арқылы қандай қатерден қорғанау болатыны да айқын көрсетілді.

«Бұл іс-шараның басты мақсаты — адам өз өмірінде жұмыста, сондай-ақ жұмыстан бөлек уақытта автокөлікпен қозғалу арқылы қауіпсіздік белдігін тағып және өз өмірін сақтап қалу қаншалықты маңызды екенін көрсету. Портфельдік компаниялардың 700-ден астам қызметкері имитатор тренажерды сынап көрді. Өз кезегінде бұл құрылғы сағатына 12 шақырымдық жылдамдықты алады, мұның өзі көліктердің бетпе-бет соқтығысқан жағдайында адамның қандай күйде болатынын түсінуге жеткілікті. Сонымен қатар бұл жерде қарапайым қауіпсіздік белдігін тағудың маңыздылығын түсіндіреміз. «Самұрық-Қазына» АҚ үшін өндірістік қауіпсіздік мәселесі

жылдың сәуір айында Қостанай қаласында басталғанын, бүгінге дейін Ақтөбе, Орал және Атырау қалаларында да ұйымдастырылғанын жеткізді. Сонымен қатар жыл соңына дейін еліміздің орталық және оңтүстік өңірлеріндегі бөлімшелердің қызметкерлері де тренажер имитатордың мүмкіндігін сынап көретінін айтты.

«Көпшілік қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Оның қаншалықты маңызды екеніне мән бермейді. Сондықтан мамандар бүгін сақтық шараларын тәжірибе арқылы көрсетті. Біздің қызметкерлер өздерінің қызметтік міндетін орындау барысында қалалар мен елді мекендер арасында көлікті жиі қолданады. QazaqGaz жол-көлік оқиғаларының алдын алу және қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында, түрлі профилактикалық іс-шара ұйымдастырып тұрады», — деді ол.

Аталған іс-шара QazaqGaz компаниялар тобының осы жылға арналған өндірістік қауіпсіздігі жоспарын іске асыру аясында ұйымдастырылып отыр.

Дүниежүзілік статистикаға сәйкес, қауіпсіздік белбеуі қалада төмен жылдамдықпен келе жатқан адамдардың апат кезінде өмірін 100 пайызға сақтайды екен. Ғалымдар көлік сағатына 30, 40, 50 және одан да көп шақырым жылдамдықпен келе жатқандағы апаттар кезінде белдіктер, егер олар дұрыс бекітілген болса, көлік жүргізушісі мен жолаушының өмірін сақтауға кепілдік беретінін айтады.



бірінші орында, біз мұндай іс-шараларды ұдайы өткізіп тұрамыз», — деді Ғибрат Ауғанов.

Ал «QazaqGaz» ҰК» АҚ Басқарма төрағасы Санжар Жаркешов «STOP ДТП» акциясы осы

Статистика комитетінің мәліметінше, тек өткен жылы елімізде 13,5 мың жол-көлік оқиғасы тіркелген, 20 мыңға жуық адам зардап шеккен.

Наурызбек САРПА

## Объявление о проведении закупки товаров «Замена системы управления топливными клапанами ГПА Rolls Royce» способом открытого тендера

ТОО «Азиатский Газопровод» объявляет о проведении открытого тендера по закупке товаров «Замена системы управления топливными клапанами ГПА Rolls Royce». (Количество лотов — 5, на общую сумму 1 547 574 123,00 тенге без учета НДС).

Перечень закупаемых товаров и их подробная спецификация указаны в тендерной документации.

Копию тендерной документации можно получить по адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Для получения копии тендерной документации необходимо наличие у представителя потенциального поставщика оригинала доверенности или копии Приказа и Решения для руководителей с копией документа, удостоверяющего личность.

Тендерные заявки на участие в тендере, запечатанные в конверты, представляются (направляются) потенциальными поставщиками в ТОО «Азиатский Газопровод» 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», каб. 604.

Окончательный срок предоставления заявок на участие в тендере до 10:00 часов 18 августа 2023 года.

Конверты с заявками на участие в тендере будут вскрываться в 11 часов 00 минут 18 августа 2023 года по следующему адресу: 050062, Республика Казахстан, г. Алматы, пр. Абая 109 «В», в конференц-зале 605.

Дополнительную информацию и справку можно получить по телефону: + 7 (727) 393-02-04.

**Ашық тендер амалымен «Rolls Royce ГПА жанармай клапанын басқару жүйесін ауыстыру» тауарларын сатып алуды өткізу туралы хабарландыру**

«Азиялық Газқұбыры» ЖШС «Rolls Royce ГПА жанармай клапанын басқару жүйесін ауыстыру» тауарларын сатып алу бойынша ашық тендер өткізетіндігі туралы жариялайды. (Лот саны - 5, жалпы сомасы 1 547 574 123,00 тенге, КҚС-сыз).

Сатып алынатын тауарлар тізбесі мен олардың егжей-тегжейлі ерекшеліктері тендерлік құжаттамада көрсетілген.

Тендерлік құжаттаманың көшірмелерін 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайынан алуға болады. Тендерлік құжаттаманың көшірмесін алу үшін әлеуетті жеткізгі берушінің өкілінде сенімхаттың түпнұсқасы/Бүйірік пен Шешім көшірмесі басшыға және жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі болуы қажет.

Конверттерге салынған тендерге қатысуға арналған өтінімдерді әлеуетті жеткізгі берушілер «Азиялық Газқұбыры» ЖШС, 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 604-каб. мекенжайына ұсынады (жібереді).

Тендерге қатысуға өтінімдерді ұсынудың соңғы мерзімі 2023 жылғы 18 тамызда, сағ. 10:00-ге дейін.

Тендерге қатысуға арналған өтінімдер салынған конверттер 2023 жылғы 18 тамызда, сағ. 11:00-де мына мекенжайда ашылатын болады: 050062, Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Абай даңғылы 109 «В», 605-конференц залы.

Қосымша ақпарат пен анықтаманы мына телефон арқылы алуға болады: + 7 (727) 393-02-04.



Жасырған семсер жеңіме,  
Қасың болсам пышақта.  
Тлеген бақыт еліме,  
Досым болсаң құшақта.

«Сөзінен қаны сорғалап тұрады» деген тіркесті еститіңіз. Сөзден де қан сорғалайтын, тер тамшылдайтын көрінеді. «Тандайыннан шаң шығатын, жүрегінен жалын шарпитын» дей ме? Осындай шумақтарды айтса керек. Ары қарай:

Жем таппаған шымықтың,  
Далыдып күр ұшпаймын.  
Маңдайымнан дым шықпай,  
Бақытымды құшпаймын, — деп түйеді.

Бұл ақын Серік Нүсіптің жиырмаға толар-толмас шағында, бұдан 40 жыл бұрын оқитын өлеңі болатын. Ешкім айтпаған тіркес, таппаған теңеуге сол шақтан-ақ талпынатын, таусыла сөйлеп, төңкеріле төгілетін, басқаның сөзін қайталамайтын. Мінсіз өлең жазатын мінез Серікте ау бастан бар ұстаным еді. Біздер 1980 жылдардың басында Шәуешекке топтасқан «Жалынды жас ақындар» болатынбыз.

# ТАС ЖҮТҚАН ТӘУЕКЕЛ

## 1. СЕРІКТІН СЕРТІ

1993 жылы Шәуешектен кеттім. Кеткенде де қайтып қайырылмастай Қабдеш ағаның ізімен азат Қазақстанға кеттім. Бір топ жігіт қаладан 10 шақырым ғана жердегі Бакты келдіне дейін шығарып салды. Қауламын келіп қоштасқан топтын арасынан қолымды қысып, көзіме тіке қараған Серік ақын Нүсіпұлы:

— Алмас, мен де күсімін. Барған бетте шақыру жібер, — деді. Бұл топта бұндай өтініш айтқан жалғыз кісі осы Серік қана болған. Көзінде қимастықтың жасымен бірге, батыл бекімнің оты ұшында тұрды.

Алматыға өбден орнығып, «Жас Алашқа» тілші болған кезім. Одан оншақты жыл бұрын Жүмекен, Оралхандар отырған әдебиет-өнер бөліміндемін. Араға жыл салып Шәуешекке қайырылдым. Онда да туған жеріне бармағалы 32 жыл болған Тұрсын Жұртбайды Шәуешегіне бастап барамын. Серік қарсы алды. Шақыруды қолына беріп жатып:

— Қазақстанда жағдай қиындау. Паспортын шыққан соң қатын-балаңды қалдыра тұрып, өзің салт барып, жер шалып қайт, — дедім. Ол шамданған кейіппен мырс етті.

— Алмас, сен мені қорлап тұрсың, — деді бәсеңдеу, бірақ нығыз тонмен. — «Тәуелсіздігін енді ғана алған Қазақстанның қазіргі жағдайын көріп, айнып қалады» деп тұрсың ғой, ә?! Мен бір-ақ рет көшемім. Бала-шағаммен кетемін. Қазақстан еңсе көтереді. Ел болады. Егер басқаша болса, бірге құрып жоғалуға бармын, еш өкінбеймін! Менде басқа таңдау болмайды, — деді.

Осы сөзді айтқандағы дауысынан, жүзінен, көзқарасынан оның қатайып алғанын көрдім. Тас жұтатын тәуекел деген сол шығар.

Көре жүріп, тауқыметін қыспағын,  
Тіріліңді өз қолыңа ұстадың.  
Тосырқама, шаң жұқпасын шашаңа,  
Көк байрақты менің Қазақстаным! — деп жазатыны сол уақыт.

Қиырдан қайта шалқып, Қазақстан топырағына табаны тиген қаймана қазақтың Көк туға қарап көз жасын төкпегені жоқ шығар. Қара өлеңге жақын қазақ болса, Көк туды желбірепте, желпікте жырлап мауқын басар еді.

Тәуелсіздік алған шақта Қазақстанға қандай бір сертпен, сеніммен келдік. Қандай бір қайсар, қандай бір қайталанбас қайратпен келдік. Қылыш жүзінде қиып түсер өткір рухпен келдік десенші. Жастықтың жалыны ғой шіркін, ештемені ойлатпаған. «Тісің барда тас шайна» дейтін тәуекел біздің халықта ғана шығар.

1962-де Қабдеш, Қажытайлар көш бастап, Несіпбек, Тұрсындар тай мініп, Секен күйші бесікте келетін жолғы көш те сол Бақтыдан құйылған. Ол жолы «62 мың қазақ өтті» дейтін. Сол ұлы көштен соң келесі бір «ақтабан шұбырындының» басында біз келе жатыппыз. Маған Серік айтқан сөз серт еді. Бәрін тәрк етіп, сонымыздан шұбырған жүз мыңдаған ұл-қыздың жүрегінде осы серттің ұлы тұқымы көктей бастаған шақ.

Одан бері отыз жыл өтті. Серік сертінде тұрды. Сергек қалпы. Тоңмойын қалпы. Пәлен жыл Шәуешек радиосында өзі редактор, өзі дитор болған Серіктің дауысындағы тон да сол баяғы қалың қалпы.

Айтпақшы әлгідегі өлеңде

«Маңдайымнан дым шықпай,  
Бақытымды құшпаймын» деп пе еді.

Осы отыз жылда Серік майдай терін төгудей-ақ төкті. Қазір де тура мағынасында «бақтың құшқан» шығар.

## 2. ШӘУЕШЕК ШАРАПАТЫ

Біз 1982 жылы таныстық. Мен Іле Педагогика Институтының филология факультетін тауысып, «ақын болып» Шәуешекке келгенмін. Серік сол жерде кейсің техникалық колледжде оқиды екен. Шәуешекте өлең оқудың, өлең талдаудың — жалпы өнердің, мәдениеттің беіреси топтары бар екен. Олардың ұйытқысы — қырықтан асқан кісілер. Ескі Шәуешек мәдениетінің сарқыттары — Қабдеш Жұмалдидің, Қажытай Ілиястің сыныптастары болды.

Екінші лектегі жас буын Қытайдың аты шулы «мәдениет төңкерісі» деп аталатын онжылдық тоқырауынан кейін оқуға келген таланттар екен. Тілеухан Затыбай, Жәніс Шәкен, Кәрім Дүйсенбай, Еркін Құрманғали, осы Серік Нүсіп бастаған жастар Шәуешекте тұратын. Шетінен газет-журналдарға өлеңдері шығып, «мықты ақын» болып алған кезі екен.

1930-40 жылдары Алаш зиялылары шоғырланған, Алаш рухын қайта жаңғыртқан қазақ қаласы. Сауықшыл қала. Кемінде апта сайын кездесу болады. Жатақханада кездесеміз. Ал кейде бағанағы қырықтан асқан кісілер үйлеріне қонаққа шақырады. Оның ішінде жазушы Жұмабай Біләл, ақын Серік Қапшықбай, Задан Мынбай, сыншы Мырзахан Құрманбай, Сейіт Сейдахмет және Имамәлі Байғали, Мүлік Иманбатыр, Рамазан Байбоз бастаған бірзас ақын жазушылар бар. Барлығының бағыт ұстар маяғы түрмеден 30 жылда кезекті рет босап келген Қажықұмар Шабданұлы болатын. Қажықұмар Шәуешек мәдениетінің белгісі, әдебиеттің пайғамбары сияқты еді. «Қылмыс» романының екі томы 30 000 тиражбен екі қайтара басылып, Шәуешек халқы Қажекенді желпініп алақанында ұстап отырған кез. Жастарға жаны тартып тұратын аса кішіпейіл кісі болатын.

Қарапайым сөзбен айтқанда, Шәуешектің дүрілдеп тұрған кезі. Әншілер бар — Тұран, Қауария деген апапармен қоса, біз қатарлы Ақын Бақшай, Әлихан

Әділбек, Болат Бимаш, Асхат Әблахат, Жанат Токтасынқызы, Гүлнәр Абдолла сияқты бұлбұлдар тобы да болды, мықты еді. Ол кезде Шыңжаңда дуэт, квартет топтар тек Шәуешекте ғана болатын.

Серікке сол жерде тап болдық. Мінезі нығыз, қол-аяғы шапшаң әрі епті, бірбеткей, жағынып сөйлеу дегенді білмейтін орнықты жігіт. Юморға бейім, езуі мен көз қиығында мысқыл, кекесін ұйыған. Өлең жазса қорғасыннан құйғандай ауыр сөз қолдануға, бойынды тітіркендірер теңеулерге, шымыр ұйқастыруға талпынатыны шумақтарынан көрініп тұрады. Әр кезіккенде әрқайсымызда жаңа өлең болуы керек сияқты. Мына апта оқыған өлеңімізді келесіде оқымаймыз.

Біз бір-бірімізге тілеулес, таза бәсекелес болып өстік. Бір-біріміздің жақсы өлеңдерімізге қуандық және Шыңжаң деңгейінде мықты өткір жас ақындар тобын құра алдық. Сөз жоқ, өз оқырмандарымызға, бүкіл Шыңжаңдағы өзіміз қатарлы әдебиет әуескерлеріне жаңаша өлең, тосын ойлар ұсынып, өлеңмен ойлаудың ұжымдық үлгісін көрсеттік. Бұл Шәуешекке тән дағды, Шәуешекке тән құбылыс еді.

1985-те мен «Тарбағатай» әдеби журналына редактор болып бардым және журналды шығарушы негізгі кісі болдым. Біздің қолымызға баспа сөз тиді деген сөз. Манайымдағы ақын жазушылардың өлеңі журналға жиі шығады, қаламақы да жоғары төленді. Журналда Серіктің өлеңдері ғана емес, серік поэзиясы туралы мақала, қарикатуралар шығып жататын. Бас редакторымыз жазушы Жұмабай Біләл бізді мықты қолдады. Жаза алмаса Серіктерге серт, жарияламазақ бізге серт болған күндер еді.

Шәуешектегі ең тәуір бес жас ақынның өлеңдерін топтастырып, «Астынан алты қырдың» деген атпен «Шыңжаң Халық баспасынан» топтық жинақ шығарған едік. Ол да өзінше сенсация болған. Себебі: ISBN мемлекеттің қатаң бақылауындағы елде ешкім де өз бетінше кітап шығара алмайтын. Сол топтасқан бесеуде — Жәніс Шәкен, Серік Нүсіп, Кәрім Дүйсенбай, Азат Әшімбай және мен бар едім.

Тірілік қымбат қымбат одан тіпті де,  
Тыныштықта жеген наньң бір асам.  
Дала жаны әлде неге күпті ме,  
Зарланады құлақ күйін бұрасаң,  
Өлем бе деп қатты қорқам күйіктен,  
Жал басында жалғыз тұрып жыласам.

(Тағы да сол Жонғар жайлы өлеңі ғой)

Пенделікпен айтылған,

Койнында қалды мекендеп,

Қисапсыз жалған-шыңдарым.

Ол-дағы ақын екен деп,

Тәкаппар тарлан шындарым.

Жібітер ме екен кеберсіген еріңді,

Тай құрсаған Жонғарым.

Жалпақ Жонғардың «кеберсіген ерні» онайға жиі қоймас. Әйтсе де, көркем сөзге, тұнық өлеңге сусаған әлдекіміңді мына өлеңді оқып отырып өз-өзінен жұтынатыны — тандайына мөлдір тамшы тигендей, соның салқынын сезе тамсанатыны анық.

## 3. ДУБЕК АНСАМБЛІНДЕ

Серіктің жастық шағы қалған сонау Шәуешек тура мағынасында өнерпаздар қаласы болатын. Бір сәтте бес жүз кісі бірге тұрып, сайратып баян тартар еді. Туристер үшін «банистер қаласы» атанғаны да шын. Іргесіндегі Толы ауданында 10 150 кісі стадионда домбыра тартып, әлемдік Гинес рекорттар кітабына кіргені бар.

1980 жылдардың басында Дубек Шалғынбаев атымен халық театры сипатты топ құрғанымыз бар. Репертуарды қазақстандық «Тамаша» ойын-сауық отауына ұқсатып сценарий жазамыз. «Досмұқасанға», «Айгүл» вокалдық тобына, «Алатау» триосына еліктейтін топтар бұрыннан дайын еді.

Сценаристің және «драматургтің» бірі — Серік Нүсіпұлы. Жазып қана қоймай, өзі сахналайды, өзі де рөлге шығады. Аңқаусып, тосын сөйлегенде сахнадағы кейпі Мейірман Нүрекеевке келеді. Тірі әртіс, жанды театрды көп жылдар бойы көрмеген, өнерге сусаған жұрт жапырылып келеді. Өнерпаздар арасында қазақтан бөлек ағайынды Асхат, Фархат Әблахаттар, Исмар Раббін, Ризван Ажыахұн, Асқар Рса деген тегі ұйғыр, дүнген, бірақ жүрегі қазақ әуенімен қағатын, жан дүниесін қазаққа берген талантты қыз-жігіттер де бар болатын.

Бұл да Шәуешек феноменінің бір қыры еді. Қала қазақша сөйлейтін. Қаншама ұлт пен ұлыс мәдениетінің бастаулары жиналып келіп, қазақ мәдениетінің өзіне қуатын.

Өнер тобының атауы Дубек делік қой. Ол — өткен ғасырдың 30- жылдары Шәуешекте алғашқы халық театрын құрған кісі. Шәуешекке барған Алаш зиялыларының ізбасары, саяси күрескер тұлға болған жан.

Дубек ансамблі 8 жыл табысты (қаржылай да) қызмет еткен. Бүкіл қытайлық талай фестивалдардың жеңімпазы болған таланттар ұжымы еді. «Дубек ансамблінде» Қуантай, Серік Нүсіп, Серік Әубәкір, Еркін Ерген, Ерболат Қызыккен, Бақыт Бешен, Бақыт Қажытай қатарлы өнерпаздарының көбі тәуелсіз ел шекарасынан бері өткен соң, күш-қайраты сарқылып барып таралды.

Секе, сені «ақын ғана емес, сценарист еді, әртіс еді, сонау Үрімжі сахнасында комедия ойнап еді. Сонда ұжыммен бірге фестиваль жеңімпазы болып еді» десе, бұл күнде біреу сенер, біреу сенбес.

«Қараған да өз жерінде дүрілдейді» деуші ме еді. Сенің де бір дүрілдеген жерің Шәуешек болыпты-ау шіркін.

## 4. ҚАСЫМ АҚЫНҒА ҰҚСАУ

— Қасым ағам 1945-тің басында самурайлармен соғысуға Донбэй (Манжурия — Қытайдың шығыс терістігі) келді емес пе? — дейді Серік.

— Иә, — дейміз оған, әңгімеге үйірлі қалып.

— Сонда китаықалармен қай тілде сөйлесті екен...? Ду күлкі...

Ол — Қасым Аманжолдың өлеңдерін де, махаббат шытырманына толы өмірін де жатқа білер еді.

Серіктің келбеті Қасым Аманжоловқа дәлме-дәл ұқсайды және өзі Қасым суреттеріндегі бейнеге өзін ұқсатып, бейімделіп жүретін. Жүмекеннің «Киім ілгішіндегі», «Ашық бояуындағы» Қасым ақынның мінез-сипатына еліктеп, оқыс қимылдар жасауға әуес еді.

«Қасым ағам испанқаны ұнатқан,

Ал мен жапон қыздарына ғашықпын», — дейтін.

Бұл да Жүмекеннің өлеңі, Жүмекеннің ұзақ лирикалық поэма тәрізді толғауындағы жолдар болатын.

«Испанқасы испанның қыздары болса керек. Қасым ағам ұнатқанына қарағанда сұлу халық-ау», — дейді жымың етіп.

Алыста жүрмін ауылдан, жаным, білесің.

Жас жырым менің жанымда бір түн түнесің.

Жан-жүрегіңнің тербеліп уыз әнімен.

Сезінем сонда шынымен бақытты екен деп,

Өзімді, сені ғашықтардың бәрінен.

Бала кезіңнен ғашық емес шығарсың.

Көзім жетпес, сен емес, тіпті, менің де.

Қалған сояудай ішінде күңгірт мұнардың,

Не уәжің бар айта алатын сенімге.

Көсеесі көзерсін махаббатыңның,

Өзіңнің туған жеріңде.

Ақынның лирикасы да өзгеше осылай құрылады. Шымырлап жүректен шыққан сөздермен әсіресіз шындықтың шырайын салады.

Серіктің келбеті Қасымға ұқсайды делік қой. Осы өлеңде оған тіпті, болмысымен ұқсағысы келетін шыншыл ақынның махаббат жайлы түйсінуі де былайғы жұрттан басқаша. Шындыққа және шынайы сезім, шын бақытқа өріледі.

«Ғашығмызды» ақын досымызға таныстыру, оларға арнаған өлеңімізді оқу жастық шақтағы акеділ әдетіміз болатын. Олармен таныса салып, үңсіз отырған қызға танысқан жігіті туралы тандандырардай тамсанып сөйлеу де бозбалалықтың қызықты бір сәттері.

Қалыңдығы Гүлжәкенді ертіп келіп, таныстырғаны да бүгінгідей есімізде. Қалың бұрымды, қазмойын, ажарлы, көзіне тіке қарайтын өжет, қазақы бидай өңдінің келбетісі болатын. Қайдан келген өжеттік дейсің? Сөйтсек, ол да 1950 жылдары қамонестік Қытайға қарсы қару алып күрескен меркіт Бокылбек батырдың туған жиені екен ғой. Бұл өз Қажықұмар Шабданнның 6 томдық «Қылмыс» романында «Бокылбек блогы» деген атпен тарау ұстаған кейіпкер.

«Тартпай қоймас негізге» деген ғой. Қазақ еліндегі қым-қуыт кешуде де ол батырдың қызы екенін талай дәлелдеді.

## 5. ШӘУЕШЕКТЕН КЕТУ

Серіктің Шәуешектегі Қазақ радиосының бас редакторы қызметіндегі кезі. Менің оған Алматыдан шақыру апаратыным да сол уақыт — 1994-жылдың жазы. Сол жылы күзге қарай Серік те Алматыға жетті. Аянбай еңбек етті. Ересен еңбекшіл екен.

Шашасына шаң тимес шабыт ол Шәуешектің шарапаты екен деймін. Серіктің ақындығы бір кез қаникул алды. Оның ендігі шеберлігі — ағашшы, темірші, құрылысшы, гранит кенін ашушы болып шықты. Қай-қайсысының да қас шебері. Оның тәуекелден тайсалмайтын батырлығы да басқаны қайда, досы бізді таң қалдырды. Басқа бір қырынан көрінді. Кез келген жұмысты бастап кеп жібереді және икеміне келтіреді.

Бұл күнде бұрынғыдай жиі болмаса да, іздесіп, кісінесіп табысамыз — бас қосамыз. Біз баяғы әдетке салып, өлең оқимыз ғой. Ол да оқиды. Жүмекеннен, Серік Қапшықпайдан бастайды. Біздің «өзіңнен оқы» дегенімізге мысқылды жымып, «Бұзық» екеніміз рас болса, бір айналып соғармыз» дейді сеніммен ақындығын мензеп. Ал біз досымыздың «жынын» шақырып, ақын қалпын өлең етер едік.

Сестендеген сері едік,

Серік ақын сен едің.

Еріндерің кеберсің,

Есіңді алған өлеңің.

Барлық таудың ұлы едің,

Ірі едің булақтың.

Жанын тіккен құлы едің,

Жалғыз арман мұраттың.

Досыңнан да жардан да,

Қалыс қалар бір сырғың.

Бір қисайып қалғанда,

Морт кететін қырсығың.

Жол ортадан ауғаны-ай,

Өмір арбақ сүйреген.

Бұйра шашың қауғадай,

Сәні кетіп сиреген.

Сен шабытқа сенесің,

Сайгүлігін ерттеген.

Сыр алдырмай келесің,

Семсер жүзді сертпенен.

Ол да ессен жіберсін бе?

«Сен елуге келгенде» деп өлең оқиды маған.

Сен елуге келгенде,

Елу қатын мұңайды.

(Не болар деп күніміз

Енді бұдан былайғы).

Махаббаттан өлген бе?

Ұмытқан ба құдайды.

Тілің таба білесің,

Бұттың (көкте Ай бұққан).

Қыздар тілеу тілесің,

Сен емессің қаймыққан.

Не асады, қызығам,

Махаббаттай байлықтан?!

Бұл өмірдің өзі де,

Сүйсуден құралған.

Әйелдердің көзінде,

Ұлы мақсат, ұлы арман.

Еркегіңді кем білем,

Әйел сертте тұра алған.

Екі жарты бір бүтін,

Жемісәуі 18-де.

Бір шаңырақ, бір түтін,

«Алмас қайда?» дегізбе,

Сансыз өзен сабылған,

Құяр түбі теңізге.

Айтары бар ма, бар. Әзілі ше, әлде қайдан тарталы. Кезекші өлең емес, бүп-бүтін лирика. «Еркегіңді қайдам, сертте тұрса әйел тұрсын» дей ме? Баяғы жүрек, баяғы шабыт, баяғы тосын тәсіл, баяғы тілек, бітпейтін махаббат. Бүп-бүтін өлең.

Алатау төріне тамыр тартып, өмір арпалысына өгіз күшін арнаған дос байырғы жорғасына тайпалып тағы түскенін танытатын өлең ғой бұл.

«Қайран да менің Еділім!» дейтін Қазтуған жырау сияқты. Шабытты шақ десе, көз алдына Шәуешек келетіні рас.

Оншақты жыл бұрын Серік қыз ұзатып, біз білек сыбанып, «бәріне жауап беріп», асаба болып жүрген сәттерде туған, тойда оқыған мынау бір өлеңнен де сол бағыт алаң көңілдің ансауы аңқиды.

## ЖЕР АНСАУ

(Серік Нүсіп қыз ұзатқанда)

Жастығыңа, қайратыңа сенуден,

«Нартәуекел» дедің 15 жыл бұрын.







Уақыт өткен сайын ұлттық мұраларымыздың кейбірі естен шығып, кейбірі ұмыт болып барады. Солардың бірі – киіз басып, сырмақ тігу өнері. Киіздің пайдалану тарихы қанша ұзақ болса, сырмақ сыру тарихы да соншалықты тереңде. Біз ұлттық өнерге заманауи сән беріп, қайта жаңғыртып жүрген қолөнер шебері, «Текемет-сырмақ» брендінің негізін қалаушы Айнұр Батырхановамен тілдестік.

– Бір сұхбатыңызда «Қазір қазақ қоғамында сырмақ пен текемет ұмытылып бара жатыр» депсіз. Сіздің сырмақ тігу ісін қолға алуыңызға не себеп болды?

– Бала күнімізде әжелеріміз бен аналарымыздың қазан қайнатып, жүнді бояп, киіз басып отырғанын көріп өстік. Қазір қаланы қойып, ауылда киіз басып, сырмақ тігетін адам қалмай барады. Сол үшін және өсіп келе жатқан жастарға ата-бабамыздан қалған асыл мұрамызды үйретіп, ары қарай жалғастырып деген мақсатпен текемет-сырмақты тігуді бастадық. Осыдан 5 жыл бұрын осы идея келді. Сырмақ пен текеметті енді тігіп бастаған кезде Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде өнер саласы бойынша білім алған құрбым Самал да қызығушылық танытты. Сөйтіп, кәсібімізді бірге бастадық. Мен де Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының монументалды кескіндеме факультетін бітіргенмін. Басқа шетелдерде кескіндеме өнерінің дамығанын көрдік. Сондан «неге ұлттық колөнерімізді дамытпасақ?» деп сырмақ тігуді бастадық.

– Сырмақ пен текеметтің заманауи дизайны бірден көзге түседі. Модерн стилінде оюлар мен түстерді үйлестіруде арнайы дизайнерлердің көбіне жүгінесіздер ме?

– Жоқ, текемет пен сырмақты дайындағанда ешқандай дизайнердің көмегіне жүгінбейміз. Өнер академиясын бітіргендіктен, мамандығым суретші болғандықтан, оюды ою, түс таңдау және жүнді қалаған түске бояу процестерін өзім істеймін. Барлық дизайн жанымның бір бөлшегі сияқты.

– Халқымыз әр оюдың мәні мен мазмұнына ерекше көңіл аударған. Ал сіздер сырмақ пен текеметке көбіне қандай оюды қолданасыздар?

– Ең жиі қолданатын оюымыз – қошқармүйіз. Бұл ою қазақ халқының символына айналып кеткен. Мысалы, көрші қырғыз халқы көбінесе елікке ұқсас оюларды қолданады. Ал қазақтар қошқар мүйізді оюды пайдаланған. Әр оюдың өзіндік сыры болады. Біреуі көз тиюден қорғаса, екіншісі шаңыраққа байлық пен дәулет алып келеді.

– Сырмаққа қажетті шикізаттарды қайдан аласыздар? Елімізде шыға ма?

– Сырмаққа қажетті шикізаттар өзіміздің елде өндіріледі. Тараз, Шымкент қалаларында жүн өңдейтін арнайы өндіріс орындары бар. Олар меринос қойдың жүнін өңдейді. Солардан жүнді таза, жуылған, түтілген күйінде аламыз. Кейін жүнді арнайы технологиямен 90 градус ыстық суда, қоспаларын қосып



қызылға бояп, ою ойғаннан кейін екеуінің киізін орындарын ауыстырамыз. Мұны оюды «ойсырату» дейді. Осыдан кейін біріккен екі түсті оюды тігеміз. Бұл «жөрмеу» деп аталады. Тігіс көрінбес үшін оюдың ортасына қайырылып жасалған жіпті қайта тігеміз. Мұны «жиік басу» деп атайды. Сонында осылардың арасын көктеп тігіп шығады. Мұны «сырмақ сыру» дейді. Сырып тіккендіктен де колөнер сырмақ деп аталады.

Ал текемет жасау үшін боялған жүнді жайып аламыз да, оны шала күйінде илейміз. Мұны «талдырма» деп атайды. Кейін осы талдырмадан ою ойып, басқа түстегі жайылған жүннің үстіне қойып, қайта басамыз. Ешқандай ине мен жіп пайдаланбаймыз. Тігусіз болғандықтан «текемет» деп аталады.

– Колөнердің бағасы қарапайым халық үшін қолжетімді ме? Сұраныс қай деңгейде?

**Айнұр БАТЫРХАНОВА,**  
«Текемет-сырмақ» брендінің негізін қалаушы:

## СЫРМАҚТЫ КҮТІП ҰСТАСА,

# ЖҮЗ ЖЫЛ САҚТАЛАДЫ

өзіміз бояймыз. Сонда сырмақтың бояуы шықпайтын болады. Жалпы, бүкіл Қазақстанға жүн өңдейтін екі цех жетпейді. Өйткені бір қаладағы өндіріс тек өз аумағындағы ауылдардың жүнін ғана қамтамасыз етеді. Сондықтан кәсіпкерлерге тек саудамен айналыса бермей, өзіміздің қойдың жүндерін тазалап, тері өңдейтін үлкен зауыттар салса деген ұсыныс айтар едім. Өйткені ауылдарда қойдың жүні де, терісі де қыста жатады. Оны керек етіп сатып алатын адамдар жоқ. Себебі ешкім бұл салаға мән беріп қарамайды. Егер бізде кәсіпкерлер осы істі қолға алса өсіп келе жатқан ұрпақ таза былғарыдан аяқкиім киер еді.

**ШЕТЕЛДІКТЕР ЕРЕКШЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚ ТАНЫТАДЫ**  
– Жалпы, текемет пен сырмақ туралы білсек те, олардың жасалуындағы ерекшеліктерге мән бермейміз. Екеуінің айырмашылығы қандай?

– Сырмақ жасау үшін, ең бірінші, жүнді түрлі түсті бояумен бояймыз. Содан кейін бір түсті жүнді жайып, одан киіз басамыз. Киіз дайын болғаннан кейін одан ою оямыз. Екі түстен ою ойсақ оны бір-біріне кіргізіп, оюды ойсыратамыз. Мысалы, бір киізді аққа, екіншісіз

– Колөнер болғандықтан сырмақ пен текеметтің бағасы жоғары. Өйткені 2x3 метр бір сырмақ жасау үшін 5-6 шебер бір ай жұмыс істейді. Соншама еңбек еткендіктен де сырмақтың бағасы арзан болмайды. Көп адам сырмақты базардағы кілемнің бағасымен салыстырып, қымбатсынады. Бірақ қолдан шыққан бұйым болғаннан кейін еңбекті біз де арзанға сата алмаймыз. Бірақ қазір сырмақтың қадірін түсініп, сұраныс білдіретіндер саны артып келеді. Әсіресе, шетелдіктер сырмақ пен текеметті ерекше бағалайды. Соңғы кезде сырмақты қыз жасауына қосатындар да көбейді. Сосын үйлеріне арнайы қазақи бөлме жасайтындар да сырмақ алады. Студия мен үйдің интерьеріне арнайы эффект беру үшін де тапсырыс беретіндер бар.

**БАЛАЛАР ЖАЛАҢАЯҚ ЖҮРСЕ, МОТОРИКАСЫ ДАМИДЫ**  
– Базардан алған бір кілем екі жылдан кейін ескіріп, оңин жоғалта бастайды. Ал сырмақ қанша жылда тозады?

– Қазір кейбір отбасыларда бұрыннан бері келе жатқан сырмақтар әлі бар. Сырмақты күтіп ұстаса, жаңбыр мен далаға тастамаса, 100 жыл сақталады. Тек күтім керек. Сырмақ – экологиялық таза, табиғи өнім. Балалардың денсаулығына да пайдалы. Жөрмеп, жиік басқаннан кейін оюлардың ортасындағы жіп бетіне шығып тұрады. Осылай тігілген сырмақтың үстінде балалар жалаңаяқ жүрсе, олардың моторикасы дамиды. Қазіргі физиолог ғалымдар адамдардың табанында өте күшті рефлексогенді нүктелер орналасқан дейді, яғни ол – сезімтал жүйке ұштары шоғырланған аймақ. Табанның бір шаршы сантиметріндегі осындай рецепторлардың саны дененің басқа жеріндегілерден әжептәуір көп. Адам сырмақ үстінде жүрген кезде осылардың белсенділігі артады.

**АУЫЛ АРАЛАП, СЫРМАҚ ТІГУДІ ҮЙРЕТЕР ЕДІМ**  
– Осы өнерді әрі қарай жалғастыратын шәкірт тәрбиелеу ойда бар ма?

– Әрине, шәкірт тәрбиелеу ойымызда бар. Шетелге барғанда ауғанстандықтардың бір ауыл болып кілем тоқып отырғандарын көрдім. Ауыл адамдары басқа ешқандай жұмыспен айналыспайды, тек ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан өнерді еңбектеген баладан, еңкейген қартқа



“

*Сырмақ – экологиялық таза, табиғи өнім. Балалардың денсаулығына да пайдалы. Жөрмеп, жиік басқаннан кейін оюлардың ортасындағы жіп бетіне шығып тұрады. Осылай тігілген сырмақтың үстінде балалар жалаңаяқ жүрсе, олардың моторикасы дамиды.*

бүкіл әлем таныса деген ойымыз бар. Сондай-ақ текемет-сырмақты Италияға, Ауғанстанға, Өзбекстанға түрлі көрмелерге апарып жүрміз.

– Жақында дизайнер Ая Бапани киізден, текеметтен жасалған киімдер топтамасын көпшілік назарына ұсынып, әлеуметтік желіде қызу пікірталас тудырды. Біреулер ұлттық өнерімізден көйлек тіккенді қолдамаса, енді біреулер жанашылдық ретінде қабылдады. Жалпы, киізден киім тігуге қалай қарайсыз?

– Әрине, киізден киім тігуге болады. Бірақ оны қалың етіп емес, күнделікті кигенге қолайлы етіп жұқалау жасаймыз. Мысалы, біз жүннен жұқа талдырма дайындап, содан жібек матаға ою ойып, шапанлар мен орамалдар дайындаймыз. Қойдың жүнінен аяққа киетін байпақтар жасаймыз. Бұл байпақтардың адам денсаулығына пайдасы үлкен. Қан айналымы жақсартады. Қай жеріміз ауырса, сол жерімізге қойдың майын жағамыз ғой. Сол сияқты қойдың жүнінің құрамында да ланолин бар. Ол байпақ киген адамның табанынан өтіп бойындағы ревматизм сияқты буын ауыруларын емдейді. Болашақта өндірісті кеңейтіп, қойдың жүнінен кілем тоқу сынды жоспарымыз бар.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Көктем ҚАРҚЫН



**NUR MEDIA**  
МЕДИАХОЛДИНГ  
**AIQYN**

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
**Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ**

Бас редактор –  
**Амангелді ҚҰРМЕТ**

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –  
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –  
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

**АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:**  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Нұрболат АДЫРБЕК –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛАҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назғұл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Роза ШӨКЕН –  
Солтүстік Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Баян ЖАНҰЗАҚ –  
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 35102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 45102  
Жеке жазылушылар үшін – 25102

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklama.aiqyn@gmail.com

**ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:**  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді  
**ТАРАЛЫМЫ: 40 000**

Тапсырыс №4333  
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 В  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114